

---

# **XIX-ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ -XX- ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАГЫ ОРЫС ФИЛОСОФИЯСЫ**

1. XIX-ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ -XX-  
ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАГЫ ОРЫС  
ФИЛОСОФИЯСЫНА ЖАЛПЫ  
СИПАТТАМА.

2. Л.Н. ТОЛСТОЙДЫҢ ӨМІРДІҢ МӘНІ  
ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ  
АДАМГЕРШІЛІКЕ ТӘРБИЕЛЕУ ІЛІМІ.

3. В.В.СОЛОВЬЕВТЫҢ «ОРЫС ИДЕЯСЫ».

4. Н.А.БЕРДЯЕВТИҢ ПЕРСОНАЛИСТІК  
ФИЛОСОФИЯСЫ.

• XIX-ғасырдың соңы мен XX-  
ғасырдың басындағы орыс  
философиясының бағыттары

• **Славянофил бағыты**

• Батысшылдар, немесе экзистенциалистер бағыты

• Марксизм бағыты

**Славянофил бағыты** өкілдері көзқарасының негізі — православие. И.В.Киреевский, К.Аксаков, В.С. Соловьев тағы басқа көрнекті тұлғалар дін арқылы өмірді өзгертуге болады, діни өзгеріс халықтың, қоғамның өміріне керемет өзгеріс әкеледі деп сенді.

**Марксизм бағытынын** ерекшелігі — философияны жұмысшы табының идеологиялық қызметшісіне айналдыруы. Бұл бағыт ақырында жеңіске жетіп, кеңес заманында философия мемлекеттің біртекті ойлауға негізделген идеологиялық құралына айналды. Негізгі өкілдері: В. И. Ленин, Л. Д. Троцкий, Н. Бухарин, А. В. Луначарский

Еуропалық үлгі бойынша насихаттайтын бағыт-батысшылдық. Бұл бағыттың өкілдері қатарына А.И.Герцен, Н.П.Огарев, К.Д.Кавелин, Т.Н. Грановский сияқты ойшылдар жатады, олармен В.Г.Белинский, И.С.Тургеневтер тығыз қатынас орнатты. Батысшылдар Ресейдің «Еуропаландыру» идеясын насихаттады және қорғады. Олардың пікірінше, ел Батыс Еуропада бағдар ұстай отырып, тарихи қысқа уақыттың ішінде экономикалық және мәдени артта қалушылығын жойып, еуропалық және әлемдік өркениеттің толыққанды мүшесі болуы тиіс.

Л.Толстой өзін мазалаған мәселелерге жауап іздеу үшін Сократ, Шопенгауэр, Соломон сияқты ойшылдардың өмір туралы ойларын қорытады.. Өзін қоршаған адамдардың өмір сүру салтын, өмірдегі мақсаттарын және ақыл-ой деңгейін асықпай бақылаған жазушы оларды өмірдің мәні туралы ойлану қабілетіне қарай төрт топқа бөледі:

- 1) **Ештеңе білмеу жолы** — өмірдің зұлымдыққа толы және мәнсіз екендігін білмей де, түсінбей де өмір кешетіндер. Осылайша жайбарақат, Қаннен-қаперсіз өмір сүретіндердің қатарында, Л. Толстойдың ойынша, өте топас, өте жас адамдар және әйелдердің көпшілігі.
- 2) **Эпикур жолы** — өмірдің үмітсіздігін, өтпелілігін түсініп, бар нәрсенің пайдасын, қызығын көріп қалуға тырысу.
- 3) **Күш пен энергия жолы** — өмірдің мәні жоқтығына, сондықтан оны жою керектігіне көзі жетіп, өзін-өзі өлтірушілер. Жазушы бұл топты ерекше бөліп атап, өзін өлімге қиюдың оңай еместігін, оған үлкен жігер мол қуат иелері ғана бара алатындығын ескертеді.
- 4) **Әлсіздік жолы** — өмірдің мәні жоқ екендігін біле тұра, өмір ағынына еріп өмір сүру

Орыс діни философиялық негізін қалаған ірі орыс философы **В.С.Соловьев** (1853-1900). Ол адам өміріндегі әлеуметтік және діни бірігуін жалпы дүниетанымдық жүйеге енгізді. Мұндай дүниетанымның негізі Соловьев бойынша христиандық болу керек. Ол христиан дүниетанымына жаратылыстану, тарих және философия пәндерін және жаңалықтарды енгізе отырып, дін және ғылым синтезін жасамақшы болды.

Соловьев бойынша философиядағы негізгі принцип: жағымды барлық бірігушілік. Болмыс ең алдымен игілік пен еркіндіктің пайда болуы, екіншіден ақиқат пен сана байланысы, үшіншіден әсемдік сезім көрінісі ретінде. Осыдан мынадай принцип шығады: «Абсолютті игілік ақиқат арқылы әсемдікте көрінеді» Осы үш бастау: игілік, ақиқат және әсемдік- бөлінбейтін бірлікті құрайды. Сол сияқты: махаббат, күш, эгоизм тамырлары.



**Бердяев** адамды екі дүниенің тұрғыны ретінде қарастырады:

- 1) адам табиғаттан жоғары;
- 2) адам табиғаттың туындысы және табиғатта өмір сүреді. Ол табиғатқа тәуелді, бірақ адам табиғатқа жаңа сипат береді. Адам табиғаттағы принципалдық жаңа нәрсе.

19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың басында Ресейде терең мазмұнды, философиялық мәні жан-жақты, жүйеліліктен гөрі эмоция толы, соған қарамастан орыс адамының, Ресейдің ғана емес, бүкіл адам зат дамуын болжауға бағытталған, тұлғалық сипаты мол, оны объективті зерттеу қазіргі Ресей ғалымдарының басты міндеті болып табылатын ерекше философия қалыптасқанын дәлелдейді.